

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 47 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 13 сәуірде № 9858 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 18-бабы 2) тармақшасына, 139-бабы 9-тармағына сәйкес Ұзынкөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Ұзынкөл ауданы әкімдігінің "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" 2019 жылғы 19 маусымдағы № 76, қаулысының күші жойылды деп танылсын, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8547 болып тіркелген және Ұзынкөл ауданы әкімдігінің "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға, қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленетін мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" 2019 жылғы 19 маусымдағы № 76 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2020 жылғы 28 мамырдағы № 87, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9230 болып тіркелген қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Ұзынкөл ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Ұзынкөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары:

1) басшысы: аудандық аурухананың; аудандық емхананың;

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бөлімшесінің басшысы, параклиникалық бөлімшенің (зертхананың) меңгерушісі;

3) барлық мамандықтағы дәрігерлер;

4) акушер;

5) диеталық мейіргер;

6) мейіргер;

7) статистик;

8) зертханашы (медициналық);

9) провизор (фармацевт);

10) психолог маман;

11) рентген зертханашысы;

12) әлеуметтік қызметкер;

13) фельдшер;

14) медициналық тіркеуші.

2. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары:

1) аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы;

2) аудандық маңызы бар ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын үйде қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі;

3) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;

4) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;

5) жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы;

6) қарттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

7) психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балалар мен 18 жастан асқан мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

8) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер.

3. Мәдениет саласындағы мамандарының лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын басшысы;

2) хормейстер;

3) концертмейстр;

4) кітапханашы;

5) библиограф;

6) барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер);

7) қазақ, орыс, ағылшын тілдер мұғалімі;

8) музыкалық жетекші.

4. Спорт саласындағы мамандарының лауазымдары:

1) әдіскер.